

«Егемен Қазақстан», 26 маусым, 2012 жыл

Президент конспектісі

Жақында ғана Қазақстан ел-ор-дасында әлемнің 93 елінен 8 мыңнан астам делегаттың басын қосқан кезекті V Астана эко-но-ми-калық форумы зор табыспен өтті. Олардың қатарында Нобель сый-лығының 11 лауреаты, мемлекеттер мен үкіметтердің бұрынғы және қазіргі іс басындағы басшылары, есімдері әлемге әйгілі саясаткерлер, халықаралық ұйым-дар-дың, басты-басты трансұлт-тық корпорациялар мен банктер-дің жетекшілері болды.

Бірнеше жылда әлемнің ық-пал-ды үнқатысу алаңына айналып үлгерген бұл форум Қазақ-стан мен оның басшысы – әлем-дік экономикалық қауымдастық-та лайықты танымалдыққа ие тұл-ға Нұрсұлтан Назарбаев та-быс-тарының айқын да сенімді дәлелі болғаны күмәнсіз.

Иә, бұл кездейсоқ емес еді, бірақ Қазақстан өз нарықтық эко-номикасының моделін қалыптас-тыруға енді кірісе бастаған осыдан 20 жыл бұрын бұған сене-тін-дер аз болатын.

Осыған байланысты менің ойыма мынадай бір шағын, бірақ едәуір елеулі эпизод орала береді. Биылғы жылдың қаңтар айында әдеттегідей Елбасымыздан қайт-қан көп құжаттардың арасынан менің атыма қолмен жазылған бұрыштамасы бар бірер парақ қағаз ілесе шықты. Бұрышта-ма-ға: **«М.Қасымбековке. Сонау жыл-дар--дағы алғашқы бір конспек-тінің үзіндісі. Қажет болар (Архивте болсын!). Нарық экономикасы тақырыбына материал. 16/І 2012 ж.»** деп жазып, өзінің қолын қойыпты.

Нұрсұлтан Әбішұлының қо-лымен асығыс жазылып, уақыт-тың өзі шамалы сарғыш тарт-қыз-ған сол күнделік-қойын дәптер-дің үш парағының соңында 1992 жыл деп көрсетіліпті.

Бұл жазбаларда Президент тәу-елсіздіктің таңғы шағында жас тәуелсіз мемлекеттің алдында тұрған мәселелерді өзіне тән мәнермен барынша өткір қояды да, соған қысқаша жауап беруге талаптанады. Ең алдымен, бұл сол кезде қазақстандықтар үшін беймәлім болып келген нарық пен меншікке, ырықтандыру мен жекешелендіруге, шетел инвестицияларын тартуға, бюджет пен салық саясатына, т.б. қатысты өзекті мәселелер еді.

Президенттің өз жазбалары-ның жанрын мейлінше дәл ай-қын-дағанын айта кету керек, олар-ға осыған тән: маңызды мә-селеге ерекше салмақ салу, жүйе-леуге ұмтылу, статистика мен дәлелдерге жүгіну, тақырыпқа сай терминологияның басым болып келуі, екінші кезектік мәні бар мәліметтерден бой тарту, «сы-лынған» үнемді синтаксис, асығыс жазу кезінде ұшыраса беретіндей орфография мен тыныс белгілерінің ережелерін әде-йі елемей, көптеген қысқартулар мен дербес шартты белгілер эле-менттерінің сипаттары бар.

Бүгінде Н.Ә.Назарбаевтың эко-номика мен менеджменттің базалық және ортақ заңдылық-тарына негізделген бұл творчес-тво-лық ой-пікірлері, әрине, ешкімге де «Американы ашып бере» қой-мас. Өйткені, дамыған шет ел-дердің ғалымдары мұның бәрін көптен бері білетін. Алайда, бұл жазбалардың басты құндылығы Президенттің халықаралық тә-жі-рибені ой сарабына сала отырып, оларды Қазақстанның бүгінгі жағдайына икемдеуге талпынысында дер едік. Барлық қиындық та осында болатын, себебі, ең озық дейтіндей бөтен теориялық және практикалық тәжірибенің өзі де дайын формулалар мен ше-шімдерді бере алмайды. Сон-дық-тан да Президент жұмыс гипотезаларын ой тезінен өткере отырып, сірә, оларды ең алдымен өзі жақсылап түсініп алып, содан кей-ін пікірлестері арасында тал-қы-ға салып, одан әрмен сарапшы-лар мен мамандардың қаты-суы-мен тексеріп, ақыр соңында жұрт-шылықтың назарына бір-тұ-тас то-лыққанды бағдарлама қал-пын-да ұсынғысы келген болса керек.

Сондай-ақ мұндай құжат-тар-дың басты құндылығын кезінде У.Черчилль өте дәл айтып кеткен болатын. Екінші дүниежүзілік соғысқа арнаған өзінің әйгілі 6 томдығына жазған алғысөзінде аты аңызға айналған британдық саясаткер былай деп еді: «...Тек сол сәттегі оқиғалардың ықпалы мен мәліметтердің негізінде күн сайын құрастырылып жататын құжаттар көп жағдайда жетіл-ді-рілмеген болып шығатыны кү-мәнсіз. Осыған қарамастан, олар жинақтала келе, болған оқиғалар жөнінде тап сол кездегі бағалау бойынша түсінік береді. Міне, сондықтан да сол, әлі ештеңе айқын емес кезде жасалған тиісті кезеңнің түпнұсқа жазбалары мен сол кезде айтылған сөздерге арқа сүйеу маңызды».

* * *

1990-жылдардың басында, бұрынғы КСРО-ның өзге республикалары сияқ-ты, Қазақстан да жаппай тапшы-лық-тың, шектен шыққан инфляцияның, өндірістің толықтай дерлік тоқтауы-ның, төлемдер мен дендеген депрессия дауылының басқа да атрибуттарының тулаған толқынына тұншығып жатты. Ырғалып-жырғалу уақытының барлық бюджеті қайта құрудың көбік сөзіне босқа жұмсалып кеткен болатын, тұйықтан қауымдасып шығудың жолы мемлекеттің енді анық және дәлелмен түсіндіре отырып, экономиканы нарық-тық модернизациялауды қашан бастайтынына тікелей байланысты еді. Принципіне келгенде, азаматтардың көпшілігі көп укладты шаруашылыққа моральдық тұрғыдан дайын еді, сон-дықтан әркім оның ащысы мен тұ-щы-сын өзінше татып көріп жатты. Сонымен бірге, адамдар жаңа «ойын ере-же-сін» де білгісі келді. Ал «белбеуді қыса тарту» саясатына қарсылық таныту-шы-ларға, ең алдымен, үкіметтің қатаң, бұ-рын танымал бола қоймаған және кейде амалсыздан әрі «кешеуілдетіп барып» қолға алған іс-шараларына өре түрегелу арқылы қарсылық таныту-шы-ларға келетін болсақ, оларға бейім-де-лулеріне тура келді: коммунистік сынақ аяқталған еді, қалтаңа қарайлап өмір сүру керек болды, ал нарыққа балама жоқ-тұғын. Осы орайда Н.Ә. Назар-ба-ев-тың 20 жыл бұрынғы конспектi Тұң-ғыш Президенттің сол кездегі «саяси ас үйінің» өзіндік көшірме бейнесі ретінде, сол шақтағы және бүгінгі таң-дағы жағдайды салғастырып, өзіміздің қандай болғанымыз, неден бастаға-ны-мыз, алдымызда қандай міндеттер тұр-ғаны және еліміздің қазір қайда келіп жеткені туралы қорытындылар жасауы-мызға тамаша мүмкіндік береді.

Әйтсе де, оқырманның бұл мәселе жөнінде өз пікірін қалыптастыруға мүмкіндігі бар. Президенттен мынаны оқимыз.

«Нарық – бәсеке. Оңды бәсеке. Жақ--сы бизнесті түсіндіру – бизнесмендерге ақша тек ақша үшін емес, іс үшін керек. Егер ақша жұмыс істе-ме-се, ол жинақталып қалады да, тауарлар аз болады. Сондықтан өндіріс өсуі керек. Бұл арада құралдар қажет: 1) салықтар, 2) адамдарды өндіріске ынталандыру. 3) салықтар: ең төменгі мөлшердегі табысқа салық салынбайды, ал үлкен табыстарға салық 30%-дан аз болмауы тиіс. Егер жұмыс орындарын ашса, жеңілдіктер [қарас-тырылуы керек]; экс-портқа жұмыс істейтін кәсіпорындарға да жеңілдік-тер [жасалуы тиіс]; ауыл шаруашы-лығына да осылай; сауда үшін үлкен салықтар [салынуы тиіс], сату үшін алдымен өндіру керек қой. Жапонияда салықтар табысқа байланысты.

Мәселен, а/ш [ауыл шаруашы-лығы-нан алынған табысқа] – 15%, өнер-кәсіп-те – 20%, саудада – 50% салық. Адам қай жерде тиімді болса, соған жұмыс істеуге барады» (Орыс тілінде жазыл-ған конспектi мәтiнiнiң керектi тұста-рын осы жерде де, бұдан кейiн де қазақ тiлiне аударып әрi оқырманға қолайлы болу үшін қысқартылған бар-лық сөз-дердi тұтастай берiп, мағы-на-сы бойынша сұранып тұрған сөздердi тiк жақ-шаға алып, нақтылайтын то-лық-тырулар енгiзген автор – **М.Қ.**).

Бұдан әрi Нұрсұлтан Әбiшұлы ең-бек өнiмдiлiгiн арттыру мәселесiн кө-те-редi.

Расында да, қызметкердi материал-дық және моральдық ынталандыру, оның еңбегiнiң өнiмдiлiгiн арттыру мә-селелерi адамзатты жаратылғалы берi ұдайы толғандырып келе жатқан өткiр де өзектi проблемалар екенi рас. Кешегi социалистiк қоғамымыз осы ынталан-дырудың кiлтiн дұрыс таппай, экономи-калық саясатта да үлкен қателiктер жiбергендiктен, халықты алапат аштық-қа ұшыратқан кездерi де болғандығын ұмыта қойған жоқпыз. Ғылыми-тех-ни-калық прогресте, халықты тұрғын үй-мен қамтамасыз етуде, басқа да толып жатқан әлеуметтiк проблемаларды шешуде қатты кенжелеп қалуымызды былай қойғанда, жұртшылықты қарапай-ым азық-түлiк түрлерiнiң өзiмен қам-тамасыз етуде де дәрменсiздiк танытып, әлемдiк бәсекеге төтеп бере алмаған «дамыған социализм» жүйесi күндер-дiң күнiнде өзiн өзi абыройсыздықпен таратып тынды.

Тәуелсiздiк жағдайындағы 20 жыл-дың ауқымында бiз қарқынды дамуымыз арқылы кезiнде «Оңтүстiк-Шығыс Азия жолбарыстары» деген атқа ие болған қайсыбiр елдердiң өздерi көрiп-бiлмеген нәтижелерге қол жеткiзгеннiң өзiнде де, кеңестiк кезеңдегi сол артта қалушылықтың ауыр зардаптарынан әлi күнге дейiн толық арыла алмай келемiз. Себебi, жасыратын несi бар, осы ынталандыру тетiктерiнiң жетiспеушiлiгi қа-зiр де көптеген еңбек ұжымдарымыз үшiн өнiмдiлiктi арттыруға елеулi қол-байлау болуда. Экономист мамандар-дың пiкiрiнше, ТМД елдерiндегi еңбек өнiмдiлiгi қазiргi кезде Батыс елдерiмен салыстырғанда 5-6 есе төмен көрiнедi. Соған қарамастан, пендеміз ғой, бәрi-мiз де табысымыз сол Батыс елдерiн-дегiдей жоғары болса екен деймiз. Ал еңбекақы мөлшерi еңбек өнiмдiлiгi мен өнiмнiң сапасына сай болмаса, күндер-дiң күнiнде қазiргi

қолда бардың өзіне де зар болып қаларымызды бәріміз бірдей дұрыс пайымдай бермейміз.

Әділін айту керек, бұл проблема тек бізге ғана тән емес. Тұтынушы тойым-сыз-дығының дерті меңдеген қазіргі жаһандағы дамушы елдердің адамдары Батыстың жарқ-жұрқ өмірінің сырт келбетін көре қалса, солар сияқты тір-шілік еткісі келеді. Принципіне келгенде, мұнда тұрған дұрыс емес дейтіндей дәнеңе жоқ. Дұрыс емес дейтіндей тұсы мынада: олар сол сыртқы әлпетті ғана көріп, ең маңыздысын – оның ту сыртында күн сайынғы қажырлы еңбек, жоғары білімділік деңгейі мен кәсіби біліктілік тұратынын, мол жалақы да негізінен сол үшін төленетінін назардан тыс қалдырып алып жатады.

Өндірістің нақты әрі қатал заңдары ешқандай лирика мен босбелбеулікті көтермейтіні белгілі. Еңбек өнімділігі мен еңбекке ақы төлеу арасында сәй-кес-тік сақталмаса, қай қоғам да, ертелі-кеш әйтеуір бір экономикалық дағда-рысқа душар болмай қоймайды. Бүгінгі таңда еңбек өнімділігін арттырудың бірден-бір ұтымды жолы жаңа инно-вациялық технологияларға негізделген қазіргі заманғы индустрияны дамыту екені ешбір талас тудырмайды. Елба-сы-мыздың бастамасымен біздің елімізде қазір осындай ауқымды бағдарлама жү-зеге асырылып, оның алғашқы нәти-же-лері өз жемісін бере бастағаны белгілі. Мәселен, Қазақстанда алғаш рет автомобильдер, электровоздар, ұшақтар, тік-ұшақтар құрастырыла бастады.

Иә, әзірге құрастырыла бастады деп қана сөйлеуге мәжбүрміз. Бірақ ең алыс сапардың өзі де алғашқы адымдардан басталатынын ұмытпайық. Ал индус-трия-лық-инновациялық бағдарламаны орындап шығу үшін қоғамда саяси тұ-рақтылық пен ұлтаралық татулықтың қажеттігі, халықтың орасан зор ерік күші мен маңызы осылардан кем түс-пейтін тағы басқа да толып жатқан факторлардың шешуші рөл атқаратыны өз алдына ауқымды әңгіме.

Еңбек адамының өзінің тұрмыс жағдайын жақсартуға мүдделілігін арттыру Президент конспектісінің басты арқауы деуге болады.

«Прогрессивті салық салу (табыс молайған сайын – салықты өсіріп отыру) – бұл ынталандырмайды. Егер [өс-ім-ді] мемлекетке беретін болса, жұмыс істеп керегі не? Шет-елдік-тер үшін де, өз [азаматтарымыз] үшін де тұрақты, бірыңғай салық (мәселен, бес жылға) болуы қажет. Барлығы үшін қарапайым әрі нақты заң болуы қажет».

Одан әрі Президент сол кезеңнің ең өткір мәселесі – меншік проблемасына назар аударады.

«II және III. Меншік және жеке-шелендіру.

Меншік – 3 түрі бар: жеке, мемлекеттік, қоғамдық.

Мемлекеттік меншік: минералдар, табиғи, су [ресурстары].

Қоғамдық: бұл басқалар [жүзеге асыра] алмайтын үлкен жобалар.

Шетелдіктер мен шетелдік емес-тер арасындағы айырмашылық».

Сөз орайында айта кететін бір мәселе: жоғарыда жазылған осы шет елдермен экономикалық байланыстары-мыз-ға қатысты, соның ішінде, шет ел мамандары мен өз азаматтарымызға ең-бекақы төлеу мәселесі төңірегінде біз-дің елімізде әрдайым түрлі-түрлі алып-қашпа пікірлер айтылып жататынын білемін. Солардың арасында байсалды әрі әділ айтылатын сын пікірлерімен бірге, «Ірі шикізат көздерімізді жател-діктердің қолына беріп қойдық», «Бір жерде, бірдей жағдайда жұмыс істесек те, оларға жалақыны бізге қарағанда көп төлейді» деген сияқты алаңдау-шы-лық пен наразылық үндері де естіліп жатады. Қайсыбір оппозиция өкілдері мұны өздерінің саяси мақсаттарына пайдаланып қалуға тырысатынын да көріп жүрміз. Өкінішке қарай, халыққа жаны ашығансып сол ұрандату-шы-лар-дың бәрі бірдей қазіргі күрделі саяси-экономикалық қарым-қатынастардың қыр-сырынан толық хабардар мамандар болып келе бермейді. Арасында, тіпті өмірде белгілі бір өндіріс орнына немесе салаға басшылық жасап, шикізат өндіру ісімен айналысып көрмек тұр-мақ, жалпы, шағын ұжым басқарып көрмегендер де жоқ емес...

Әйтпесе, олар бұл арада мынадай жағдаяттарды ескерген болар еді.

Біріншіден, мысал үшін деп айтар болсақ, біз еліміздің батыс өңіріндегі құрамы күрделі болып келетін мұнай шикізатын тез арада және қазіргідей көлемде өз технологиямыз бойынша өндіре алмас едік. Осындай жағдайда біз технологиясы дамыған елдердің көмегіне жүгініп, олардың қоятын талабын қабыл алуға мәжбүр болдық.

Тәуелсіздік жылдарында дүкен сө-ре-лері аз уақытта әлемнің түрлі тауарларына толып үлгерсе, халқымыз жұ-мыс іздеп жер жүзін кезіп кетпей, өз шаңырағының басында, өз бала-шаға-сының қасында тұрып жатса, көбі бұрын атын естігені болмаса, көзі көр-меген шетелдік автомобильдер мініп, шалқақтап жүрсе, азаматтарымыздың біраз бөлігі зәулім де кең пәтерлерге қол жеткізе бастаса, енді бірқатарымыз білім іздеп, ем іздеп, әйтпесе, демалу үшін-ақ алыс шет елдерге жол тарта бастасақ, осының бәрі де Елбасы-мыз-дың сындарлы сәтте жасаған дұрыс таң-дауының, батыл шешімдерінің нәти-жесі емес пе?

Екіншіден, Қазақстан шет елдерден білікті әрі тапшы мамандарды да көбіне-көп амалсыздан және белгілі бір квота бойынша тартады. Онсыз әрең қол жеткізетін Батыстың сол күрделі технологиясын өз бетімізше бірден игеріп кете алуымыз екіталай.

Үшіншіден, сол мамандар біздің елімізге негізінен қазақстандықтарды есіркеп-мүсіркейтіндіктен емес, ашық-тан-ашық мол пайда табу үшін келеді. Мұны әрдайым есте ұстауымыз керек. Сондықтан олар көбіне-көп өздері үшін үйреншіксіз әрі қолайсыз Қазақстан-ның қатал табиғаты жағдайында, бала-шағасынан жырақта, өз елінің игілік-терінен ұзақ уақыт бойы қол үзе жүріп еңбек етіп, табыс табады. Осындай себептермен шақыртушы тарап оларға келісілген шарт бойынша өз жұмыс-шы-ларымыз бен мамандарымызға қара-ған-да еңбекақыны белгілі бір дәрежеде артық төлеуі мүмкін. Кезінде КСРО да солтүстік өңірде еңбек ететіндерге «те-рістік коэффициенттер» бойынша немесе шет елдерде істейтіндерге үстеме ақы төлеу тәжірибесі болды. Бұл даму жолына жаңа түскен, технология мен мамандар тартуға мәжбүр елдердің көбіне тән деуге болады. Демек, орынсыз «тарынушылық» танытпай, бұған түсіністікпен

қарауымыз керек. Одан да өзіміздің біліміміз бен тәжірибемізді кемелдендіріп, соны өзге елдерге бұлдай алатындай күнге тезірек жетуді ойлағанымыз абзал-ау осы.

10 10 \$
Корпорация мін. 8м. А план 10 рубль.
Семі 2 доллмен қолушы инфляция 10 мм \$,
а сәлеметі 20 мм \$ то отдало на 8м
20% от этого успеха, семі 8 мм \$ - 40%.

Ал әзірге Батыстың озық техноло-гия-сы мен білікті мамандарының көме-гінсіз дамушы мемлекеттердің қай-қайсысының да тым алысқа шығандап кете қоюы екіталай. «Менің алысты көрген себебім: сол алысқа өзіме дей-інгілердің иығына шығып қарадым...» деген екен бір ақылман. Сол айтқандай, біз ілгерілегіміз келсе, алдымен, әрине, өзгенің білімі мен ғылымын, технологиясын игеріп, соған сүйеніп барып қана өзіміздің бәсекеге қабілетті өнімімізді шығара бастауымыз керек.

Елбасымыздың шет ел инвесторларымен және өз дипломаттарымызбен кездескенде де, министрліктер мен осы облыс басшыларымен сөйлескенде де оларды елімізге инвестиция мен жаңа технология тартуға қажымай-талмай шақырып отыратыны, өзі шет елдерге сапарларға шыққанда осы мәселеге ерекше көңіл бөлетіні сондықтан.

Меншік туралы әңгіме айтқан кезде жер туралы мәселені де айналып өтуге болмайды. Әр халық пен мемлекет үшін ең басты әрі өмірлік маңызы бар бұл философиялық мәселеде Нұрсұл--тан Әбішұлы мынаған ерекше мән беріпті.

«Жерді сатуға беруге болмайды... Жерді қайта сату үшін емес, сол жерге құрылыс салу үшін сату.

Жерге құрылыс салатын өз [азаматтарымыз] үшін аз салық салу. Ал егер сататын болса, онда одан, айталық, 70% салық алу.

Одан әрі Мемлекет басшысының ырықтандыру мен бұрынғы социалис-тік меншіктің бұдан былайғы тағ-ды-ры-на деген көзқарасы баяндалады.

«Жекешелендіру: адамдарда ақша жоқ, ал шетелдіктер бәрін сатып алып, табысын алып кетуі мүмкін.

Жекешелендіру туралы заң әзірлеу.

10-20 холдинг компаниялар. Бұл компанияларды біз бақылап, баға-лай-мыз. Бағасын белгілеп, А және Б акцияларын айқындаймыз. (50%) А – өндіріс, (50%) Б – шетелдіктер мен өз адамдарымыз. «А» бөлігінен – 5-10% қазақстандықтарға сату. Мысалы, даму мұқтажы үшін Б тобынан – 100 доллар және С тобынан 100 доллар.

Қазақстандықтар байыған сайын біз халыққа «А» тобынан сата бас-таймыз.

Шағын кәсіпорындарда мыңда-ған бизнесмендерді тәрбиелеу.

Зауыт салған жерді иелене аламын ба деген сұраққа жауабың болуы керек».

Конспектінің айырым бағасы мен ақша ағымын реттеу туралы бөлігінде де ойға тамызық болар жәйттер бар.

«IV. Валюта бағамы. Нарықтық бағам – ол импорт. Өз ішімізде рубльдің бағамы бойынша сату керек. Қолда бар ақша үшін бағам – тек қана осында жұмсау үшін.

Алайда, егер тауарды алып кету үшін сатып алатын болсам, адам банкке салым жасайды да, ол банк-тен аударылады.

Мәселен, құны 1 млн. рубль [тұратын] фабриканы доллар баға-мы-мен сатуға болмайды.

Бұл объектінің нақты бағасын белгілеу керек. Сараптаушы комитет болуы тиіс. Бағам нақты, әр сала үшін әртүрлі болуы тиіс, яғни шкаласы болуы керек.

Валюта мен алтын қорын жасау. Мәселен, мұнай – 10% резерв туралы заң шығару.

Тек сонда ғана (алтын мен валюта қорына ие бола тұрып), өз валютаңа көшуге мүмкіндік туады».

Президент конспектісінің соңғы бөлігінде еңбек психологиясы жөнінде талас тудырарлық болып көрінгенімен, қызықты байқаулар, сондай-ақ еңбекке ақы төлеудің нормасы және еңбекақы қорының қалыптасуы туралы толғам-дар бар.

«V. Еңбекақы.

Егер өзін ешкім жұмыстан шы-ға-ра алмайтынын білсе, жұмыс-шы жұмыс істемейді.

Еңбекақының айқын жүйесі болуы керек.

Егер еңбекақы 1 мың долларға [тең] болса, онда одан әрі [әр өнім бірлігі] үшін 10 доллардан үстеме тиесілі.

Ең төменгі еңбекақыны атап отырмын. Ал ең жоғары еңбекақы – [атқарылған]жұмыстың ауқымына қарай.

Егер мен 10 млн. доллар пайда табуға тиісті болып, 20 млн. доллар алсам, онда еңбекақыға осы сома-ның 20%, егер 30 млн. доллар алсам – 40% беремін».

* * *

Көріп отырғанымыздай, көлемі шағын ғана конспектіде маңызды ма-кроэкономикалық проблемалар көте-рі-ліп, оларды шешудің стратегиялары белгіленіпті. Бұл енді тарих, ал осыдан аз ғана уақыт бұрын осы проб-ле-ма-лар-дың бүкіл кешені біздің қоғамымыздың басты «бас ауруы» болып еді ғой.

Қазір, арада 20 жыл өткен кезде сол конспектінің көп нобайлары жүзеге асты. Әрине, алғашқы өзгертілмеген қал-пында емес, көптеген қатаң ғылыми талдаулардың елегінен өткізіліп, тәжі-ри-беде сыналып барып жүзеге асты.

Қазақстан қаржы, салық, еңбек қа-рым-қатынастары, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, жер асты байлықтары мен жерді пайдалану, тағы басқа да салаларда батыл, жылдам әрі сапалы жүзеге асырған реформалар бір кездері барар жолға бірге шыққан біздің ТМД бойынша көршілеріміз үшін үлгі болды. Ол-ол ма, осы елд-ер-дің қайсыбіреулері «қазақстандықтар осылай жасады және бұл оларда жұмыс істеп тұр» дегенді айтып, біздің тәжірибемізді қабылдауда.

Еліміздің тәуелсіздік жылдарын-дағы экономикалық дамуының тағды-рын осы конспекті шешті деген пікір айтудан аулақпыз, әрине. Мен үшін маңыздысы, ондағы теориялық ой-пікірлер мен елдің келешегіне деген бағдарламалық көзқарас та емес, ма-ңыздылығы бұл құжаттың түпнұсқасы арада көп жыл өткенде Президенттің не туралы армандағанын, республикамызды тұрақты өсім траекториясына қалай алып шығып, миллиондаған өз азамат-тарының өмірін жеңілдетудің әдіс-тәсілін қажымай-талмай ойланып-тол-ғанғандығын көрсетуінде дер едім.

Қағаз бетіне түскеннен кейін 20 жылдан соң танысқан кезде бұл жазбалар мені, міне, осындай әсерге бөледі.

Құжатты мұрағатқа жөнелтер сәтте менің ойыма әйгілі орыс суретшісі, археологы әрі ойшылы Н.К.Рерихтің мынадай сөздері оралды: «Ой құдіреті – жасампаз күш. Ғаламда адамдар біліп, қолдана алса, олардың эволюциясы әдеттегіден едәуір шапшаңырақ жүрер еді дейтіндей бұдан өзге шығармашыл күш жоқ... Жақсы өмір сүру үшін жақсы ойлау керек».

Махмұт ҚАСЫМБЕКОВ,

Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің бастығы.